Издается с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

20 ноября
2026 года
ПЯТНИЦА
№ 47 (1855)

saran_today, saran_gazeti
sarangazeti
sarangazeti.kz

Наш профиль в Instagram

» АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қарағандыда еліміздің үздік учаскелік полицейлері марапатталды

Қарағанды облысында еліміздің үздік учаскелік полиция инспекторлары анықталды. Өңірде өткен республикалық кәсіби шеберлік байқауының ақтық сынында Қазақстанның әр аймағынан іріктелген 20 полицей бақ сынады.



Байқау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің тапсырмасымен Қарағанды облысының Полиция департаменті тарапынан облыс әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Оған қатысу үшін еліміз бойынша жеті мыңнан астам учаскелік инспектор іріктеу кезеңдерінен өткен.

Ақтық сынға өз өңірлерінде жоғары нәтиже көрсетіп, кәсіби біліктілігімен танылған полицейлер жолдама алды.

Қатысушылардың кәсіби даярлығы, қызметтік міндеттерін меңгеруі мен тәжірибелік дағдылары сынға түсті. Әсіресе, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғындармен тығыз байланыс орнату және күрделі жағдайларда шұғыл әрі сауатты шешім қабылдау қабілетіне баса мән берілді.

Байқау үздіктерді анықтаумен қатар, әр өңірдің тәртіп сақшыларына өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Марапаттау рәсіміне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция генерал-майоры Мұрат Қабденов, облыстық Полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов және облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев қатысты.

Өңір басшысы учаскелік инспекторлардың халықпен етене араласып, тұрғындардың күнделікті тыныс-тіршілігі мен түйткілді мәселелерінен жақсы хабардар болатынын атап өтті. Оның айтуынша, белгілі бір көше, кент немесе ауылдағы қауіпсіздік көп жағдайда учаскелік инспектордың жауапкершілігіне, принципшілдігіне және тұрғындармен тіл табыса білуіне байланысты.

(Жалғасын gov.kz сайтынан оқи аласыздар)

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЛА ӘКІМІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛДЫ





12 қараша күні «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі Дарын Бұлқайыр тұрғындармен кездесті. Кездесуде қала басшысы алдымен атқарылған жұмыстар мен осы күнге дейін қол жеткізген нәтижелерге тоқталды.

Қазіргі уақытта Саран - индустриялық аймақ ретінде қарқынды дамуда. 2027 жылы 6 зауыт салу жоспарланып отыр. Алайда, алда атқарылатын жұмыстар да аз емес. Қала басшысы баяндамасында тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелерге айрықша мән берді.

- Өздеріңіз білетіндей, орталық жылу көзіне, жергілікті қазандықтарға, жылу желілеріне арналған барлық жоспарланған дайындық жұмыстары толық көлемде аяқталды. Қала бойынша 7 жергілікті қазандық жұмыс істейді, - деді қала әкімі Дарын Бұлқайыр.

Одан бөлек, сумен жабдықтау, су бұру, кәріз желілері, жолдарды жөндеу бойынша атқарылған жұмыстар да атап өтілді. Жалпы 28 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл кент жолдарына ерекше назар аударылса, келер жылы қаладағы көше жолдарын қалпына келтіруге басымдық берілмек. Сонымен қатар, Жамбыл, Кошевой, Чкалов көшелерінде және 3 шағын ауданында жаяу жүргіншілер жолдары абаттандырылды. РТИ-да жұмыстар жалғасады.

- Қалада сумен жабдықтау және су бұру бойынша 4 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Су құбыры желілерін қайта құру (3-кезек) аяқталуға жақын қалды. 83 км магистральдық желілер тартылды. Өткен жылы біз кәріз желілерін де қайта құруды бастадық. Жоба аясында ұзындығы 35 км болатын құбырлардың жекелеген учаскелерін ауыстыру, көшедегі өздігінен ағатын кәріз коллекторлары мен құдықтарды қалпына келтіру көзделген. Бүгінде 16,5 км желі төселіп, 480 құдық орнатылды. Бұрын орталық кәріз жүйесі болмаған үш көше оған кіргенін атап өткім келеді. Біз бұл жобаны 2027 жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, - деді қала әкімі.

Өзекті мәселелердің бірі - электрмен жабдықтау да назардан тыс қалмады. Электр қуатының үзілу қаупін азайту үшін өткен жылы инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары басталған. Бүгінде жалпы ұзындығы 39 км болатын 495 жоғары вольтты желі тірегі, сондай-ақ жоғары вольтты және кабельді желілер ауыстырылды.

Биыл қаланың сырт келбетіне, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеттері мен шатырларын жөндеуге қатысты тиісті шаралар қабылданды. Мәселен, Жамбыл көшесіндегі 11 қасбет жаңартылса, Ленин даңғылындағы екі тұрғын үйдің қасбетін жөндеу жұмыстары бүгінде аяқталды. Осымен жұмыстар тоқтап қалмай, әрі қарай да 2027 жылы жалғасатын болады. Әрі Жамбыл көшесі, 64, 66, 75, 77, 79, 83 және Абай көшесі, 11 мекенжайларында орналасқан 7 тұрғын үйдің шатырларын жөндеу жоспарланып отыр.

Білім беру саласына келетін болсақ, биыл қалаға қарасты 14 білім беру мекемесі күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Қала әкімі, ең алдымен, білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселелерді шешуге баса назар аударды. Жылумен, сумен жабдықтау жүйелерін жақсартуға және санитарлық жағдайға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі берген мәліметіне сүйенсек, 23–30 қараша аралығында тұрғындардың, әсіресе, оқушылардың қатынауын қолайлы ету үшін және білім беру ұйымдарына уақытылы жетуін қамтамасыз ету мақсатында № 2, № 3 және № 3Д автобус маршруттарының қозғалыс кестесіне сынақ режимінде өзгерістер енгізілетін болады.

Қаланы абаттандыру және тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасау бағытында да нақты жұмыстар атқарылды. Жыл басынан бері 142 спорттық – бұқаралық іс-шаралар мен жарыстар өткізілді. Спорттық инфрақұрылымды жақсарту үшін Ақтас кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылса, Саран қаласында «Сұңқар» стадионының аумағында заманауи спорт кешенінің құрылысы аяқталмақ.

Кездесуде қала әкімінің баяндамасы тыңдалған соң, тұрғындардың өтініш-тілектеріне кезек берілді. Көпшілігін қалпына келтіріп жатқан РТИ елді мекенінің алдағы тыныс-тіршілігі мазалады. Әкім онда атқарылатын жұмыс ауқымының көптігін жасырмады, мәселелердің шешу жолдарын талқылап, орындалу тәртібін түсіндірді. Сондай-ақ, жауапты мекеме мен бөлім басшыларына нақты тапсырмалар беріп, орындалуын қадағалайтынын жеткізді. Кездесу аяқталғаннан кейін, қала әкімі жеке қабылдау өткізді.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» ЖИЗНЬ ГОРОДА

Итоги работы и планы на будущее

В Актасе состоялась встреча акима Сарани Дарына Бұлқайыр и акима Актаса Бауыржана Аканова с населением.

В ходе встречи были подведены итоги работы за этот год, а также обозначены основные задачи на предстоящий период. В центре внимания - благоустройство, состояние дорог, уличное освещение, коммунальная инфраструктура, электроснабжение, водоснабжение и газификация.

Одним из заметных результатов года стало расширение системы уличного освещения. В разных частях поселка установлено 73 новые опоры.

Продолжилось благоустройство территорий. В Актасе появились две новые детские игровые площадки - на улицах Кеншілер, 16 и К. Сәтбаева, 32. Благоустроен двор по улице Гастелло, 18б, обустроен сквер на Первомайской. Для улучшения санитарного состояния поселка установлены четыре мусорные площадки, на отдельных участках выполнено асфальтирование и проведен ремонт контейнеров.

На постоянной основе проводилась уборка улиц, обочин, пешеходных переходов и автобусных остановок, вывозился бытовой и негабаритный мусор. Выполнены работы по ямочному ремонту дорог и нанесению дорожной разметки.

Отдельное внимание в ходе встречи было уделено коммунальной инфраструктуре. Отопительный сезон в поселке начался 1 октября. К теплоснабжению подключены объекты социальной сферы и жилищный фонд - 45 многоквартирных домов. Котельные работают в штатном режиме в соответствии с температурным графиком.

Продолжается модернизация электросетей. На территории Актаса насчитывается 92 километра кабельно-воздушных линий электропередачи, 18 трансформаторных подстанций и подстанция «Бытовая». С прошлого года реализуется инвестиционная программа по реконструкции объектов электроснабжения. Она предусматривает обновление существующих и строительство новых линий, установку железобетонных опор и вынос электрических сетей за пределы частных дворов. Завершение работ запланировано на 2027 год.

Продолжается работа и по улучшению системы водоснабжения. В 2025 году началась реконструкция магистрального водовода от насосной станции «Западная» в Караганде до Актаса протяженностью 6,2 километра. Старый чугунный водовод уже выведен из эксплуатации, а вместо него введен новый участок из полиэтиленовых труб диаметром 300 миллиметров. Параллельно ведется строительство резервного водовода такой же протяженности.

В планах также текущий ремонт водопроводных и канализационных сетей, ревизия и замена люков колодцев, прочистка сетей.

Одним из наиболее ожидаемых проектов для жителей остается газификация. В этом году проект прошел корректировку и получил положительное заключение государственной экспертизы. При наличии финансирования его реализация ожидается в 2027 году. Газификацией планируется охватить частный сектор и многоквартирные жилые дома для бытового потребления.

После завершения доклада жители смогли задать акиму вопросы и высказать свои предложения. Затем Бауыржан Аканов провел личный прием граждан, в ходе которого жители обратились с конкретными проблемами и инициативами.

Встреча стала возможностью не только подвести итоги проделанной работы, но и определить задачи, которые предстоит решать дальше. Для жителей поселка именно такие вопросы, как состояние дорог и дворов, освещение улиц, надежность коммунальных сетей, вода, тепло и газификация, напрямую определяют комфорт и качество повседневной жизни.

Ирина СОН



» ПРАВО

Организация судебного заседания: функции и ответственность секретаря суда



Организация судебного заседания представляет собой важную составляющую деятельности судебной системы, направленную на обеспечение законности, соблюдение процессуальных норм и реализацию прав участников судопроизводства.

Особое место в данном процессе занимает секретарь судебного заседания, от профессионализма и добросовестности которого во многом зависит надлежащее документальное сопровождение судебного разбирательства.

Правовое положение секретаря судебного заседания определяется процессуальным законодательством Республики Казахстан. В соответствии со статьей 83 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан секретарь является не заинтересованным в уголовном деле государственным служащим, который ведет протокол судебного заседания и обеспечивает его аудио- и видеофиксацию. Аналогичные положения закреплены в статье 56-2 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан. Функции секретаря судебного заседания не ограничиваются техническим ведением протокола. В рамках организационного сопровождения судебного процесса он обеспечивает подготовку необходимых материалов, проверку явки вызванных лиц, надлежащее оформление процессуальных документов, а также взаимодействие с участниками судебного разбирательства в пределах предоставленных полномочий. Непосредственно во время заседания секретарь обязан фиксировать ход судебного разбирательства, отражать заявления, ходатайства, возражения, показания и решения суда, обеспечивать бесперебойную работу средств аудио- и видеофиксации.

Особое значение имеет достоверность протокола судебного заседания, поскольку он выступает официальным процессуальным документом, отражающим последовательность и содержание процессуальных действий. В этой связи законодатель возлагает на секретаря обязанность находиться в зале судебного заседания, выполнять законные распоряжения председательствующего, соблюдать установленные сроки изготовления протокола и не разглашать сведения, полученные при участии в закрытом судебном заседании. Вопрос ответственности секретаря имеет самостоятельное правовое значение. Согласно части третьей статьи 83 УПК РК секретарь несет личную ответственность за полноту и правильность протокола судебного заседания. Внесение в него недостоверных или не соответствующих действительности сведений влечет ответственность, предусмотренную законодательством. Кроме того, ненадлежащее исполнение должностных обязанностей может повлечь дисциплинарную ответственность в соответствии с законодательством о государственной службе. При наличии соответствующих оснований возможна и иная предусмотренная законом ответственность.

Таким образом, секретарь судебного заседания является важным участником организационного и процессуального обеспечения правосудия. Его деятельность требует высокой степени ответственности, внимательности, юридической грамотности и соблюдения профессиональной этики. Качественное исполнение возложенных обязанностей способствует обеспечению прозрачности судебного разбирательства, соблюдению процессуальных гарантий и укреплению доверия общества к судебной системе Республики Казахстан.

К. Трофимчук,
главный специалист
Саранского городского суда

» БАТЫРЛАР ЖЫРЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

САРАНДА «ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ



13 қараша күні Саран қаласының мәдениет үйінде Қарағанды облысы жалпы білім беретін мектептерінің 6-10-сынып оқушылары арасында Сүлеймен Жаңбыршин нұсқасындағы «Алпамыс батыр» жырын жатқа оқудан «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауының I кезеңі ұйымдастырылды.

Биыл облыстық байқауға 19 оқушы қатысты. Барлығы сақадай сай дайындықпен келіп, қобалжып тұрса да сахнада жеңіске деген жігерін көрсете білді. Оларға қойған басты талаптардың бірі - «Алпамыс батыр» жырын жаттап, көркем түрде жеткізе отырып, сөздері мен жолдарынан жаңылмау. Себебі, әділ қазы алқасы мүшесінің құрамында болған: Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің ардагер ұстазы Оралхан Бартаева, қалалық Аналар кеңесінің төрағасы, білім беру саласының ардагері Гүлжан Жүсіпбекова, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сабира Бакирова және қазылар алқасының төрағасы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы Жансая Жарылғапов қатысушылардың дайындығын мұқият тексеріп отырды. Қазылар алқасының төрағасы Жансая Жаңғазыұлы оқушыларды кез келген жерден тоқтатып, сөздердің дұрыс айтылуына, көркем жеткізілуіне баса назар аударды.

- Бүгін «Тұлпар мініп, ту алған» байқауына кеп отырмыз. Өзімнің былтырдан бері Серік Жалғас баламды осы байқауға шыңдап, дайындап жүрмін. Біз мамыр айынан бастап дайындалғанбыз. Содан бері 38 бетті толық жаттап кеп отырмыз, - деді шәкіртін байқауға әкелген №16 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жазира Садыкова.

Саран қаласында осымен екінші рет өткен байқауда сөз сөйлеген Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаева атап өткендей, қалалық кезеңнен бірінші, екінші, үшінші орын алған балалар облыстық кезеңге жолдама алады. Әрі биыл облыстық кезеңнен бірінші орын алған бала – жүлде қоры бір миллион теңгеден бөлек, Алматы қаласында орналасқан СДУ университетінің білім грантына ие болмақ.

Тыңғылықты дайындықтың нәтижесінде, биыл «Алпамыс батыр» жырын жатқа оқудан «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауының I кезеңінде Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің үш оқушысы жүлдегерлердің қатарынан көрінді. Айгерім Ерланқызы - 3-орын алса, Назым Жәрденбек 2-орын иегері атанды. Ал, бірінші орынмен былтыр да қалалық кезеңнен топ жарған 10-сыныптың оқушысы Ақнұр Кувандикова марапатталды.

- Облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» жобасының қалалық кезеңінде «Алпамыс батыр» жырын жатқа айтудан үш оқушымның қатарынан I, II, III орын иеленуі – жүйелі дайындықтың нәтижесі. Дайындық жұмыстары жаз айынан басталды. Оқушыларды дайындау барысында жырды мағыналық бөліктерге бөлу, тізбектей жаттау, күнделікті қайталау, мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын дұрыс қолдану әдістері пайдаланылды. Жырдың мазмұнын түсініп, сезіммен жеткізуге ерекше мән берілді. Әр оқушымен жеке жұмыс жүргізіліп, сахнада еркін сөйлеу, есте сақтау және өзіне сенімді болу дағдылары қалыптастырылды. Айта кетерлігі, Ақнұр былтыр да осы сайыста I орын иеленген болатын. Биыл 10-сыныпта Абай мектебінде білімін жалғастырып, жетістігін қайталады. Назым мен Айгерім де былтыр II, III орындарды иеленген еді. Оларды 5-сыныптан бастап, түрлі сайыстарға қатыстырып, баптап келемін. Алғыр, зейінді, еңбекқор, жауапкершілігі бар мықты оқушылар. Биыл олардың нәтижесі жоғарылап, орындары ауысты. Жалпы, биыл бес оқушыны дайындадым. Соның үшеуі жүлделі орындарға ие болды. Бұл – жаз бойғы ізденіс, үздіксіз еңбек, оқушының табандылығы мен ұстаздың жүйелі жұмысының ортақ жемісі, - деді Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гульбаршын Уатхан.

Марапат төрінен көрінген жүлдегерлер қаржылай сертификаттармен және дипломдармен марапатталды. Облыстық кезеңге жолдама алған оқушыларға сәттілік тілейміз!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА







САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА
«Ақ жол» демократиялық партиясынан Саран қалалық мәслихатының №2 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат Черкасова Татьяна Сергеевна

«Ақ жол» — нақты істер жолы!

Құрметті Саран қаласы №2 сайлау округінің тұрғындары!

Мен, Черкасова Татьяна Сергеевна, «Ақ жол» демократиялық партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидатпын.

Ұзақ уақыт бойы Саран қаласының Мансап орталығында жұмыс істеп, халықты жұмыспен қамту мәселелерімен айналыстым. Кәсіби қызметімде күн сайын азаматтардың түйткілді мәселелерімен, жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту, жұмыс іздеу және әлеуметтік қолдау бағыттарымен бетпе-бет келемін.

Бұл тәжірибе маған тұрғындар үшін тұрақты жұмыстың, лайықты өмір сүру жағдайларының, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен туған қаласында өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігінің қаншалықты маңызды екенін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қалалық мәслихат жұмысына қатысуды тұрғындардың мүдделерін қорғау, жергілікті атқарушы органдардың алдында өзекті мәселелерді көтеру және депутаттық өкілеттік шегінде түйткілдердің қаралуына қол жеткізу мүмкіндігі ретінде қарастырамын.

МЕНІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫМ

1. Халықты жұмыспен қамту — әрбір азаматқа жаңа мүмкіндіктер

• Қалада жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелерін көтеру.

• Жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға ықпал ету.

• Халықты жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту және қайта даярлау мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

• Жастарды, зейнеталды жастағы азаматтарды және жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген адамдарды жұмысқа орналастыруға ерекше назар аудару.

• Өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытуға және тұрғындардың кәсіби дағдыларын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау.

2. Жастар — қаламыздың болашағы

• Жастарға кәсіби бағдар беруге бағытталған бастамаларды қолдау.

• Жас мамандар үшін өндірістік тәжірибе мен тағылымдамадан өту мүмкіндіктерін ұйымдастыру мәселелерін көтеру.

• Қаладағы білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету.

• Колледждер мен басқа да оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамту мәселелерін қарастыру.

• Жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау.

3. Кәсіпкерлікті қолдау және экономиканы дамыту

• Шағын және орта бизнес үшін қолайлы жағдай жасау мәселелерін көтеру.

• Кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары туралы ақпараттандыруға ықпал ету.

• Өзекті мәселелерді зерделеу мақсатында шағын бизнес өкілдерімен кездесулер өткізу.

• Қызмет көрсету және сауда салаларын дамыту мәселелерін қарастыру.

• Қосымша жұмыс орындарын ашуға және жергілікті экономиканы дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау.

4. Аумақты абаттандыру және жайлы өмір сүру ортасы

№2 сайлау округінің аумағын абаттандыру мәселелеріне ерекше назар аударуды жоспарлап отырмын.

• Аулаішілік жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу мәселелерін көтеру.

• Көшелерді жарықтандыруға қатысты тұрғындардың өтініштерінің қаралуын бақылау.

• Аула аумақтары мен балалар ойын алаңдарының жай-күйін зерделеу.

• Көшелердің санитарлық жағдайына және тұрмыстық қалдықтардың уақытылы шығарылуына назар аудару.

• Қоғамдық орындарды көгалдандыру және абаттандыру мәселелерінің қаралуына ықпал ету.

5. Әлеуметтік қорғау және отбасыларды қолдау

• Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға ерекше назар аудару.

• Әлеуметтік қолдау шараларының қолжетімділігі мәселелерін көтеру.

• Азаматтарды әлеуметтік бағдарламалар мен көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруға ықпал ету.

• Халықтың әлеуметтік бейімделуіне және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау.

АШЫҚТЫҚ, ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Депутаттың жұмысы ашық әрі әрбір тұрғын үшін түсінікті болуы керек деп есептеймін.

Сайланған жағдайда мынадай жұмыстарды атқаруды жоспарлап отырмын:

• Азаматтарды тұрақты түрде қабылдауды ұйымдастыру.

• Округ тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстарын жүйелі түрде зерделеу.

• Шешуді талап ететін мәселелер бойынша құзыретті органдарға депутаттық сауалдар жолдау.

• Жолданған өтініштердің қаралу барысын бақылау және тұрғындарды нәтижелері туралы хабардар ету.

• Халықпен және ұйым өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізу.

• Атқарылған жұмыстар туралы тұрғындарға жүйелі түрде есеп беру.

Көптеген мәселелерді шешу уақытты, қаржыландыруды және қалалық қызметтермен бірлескен жұмысты талап ететінін түсінемін. Сондықтан орындалуы мүмкін емес негізсіз уәделер бермей, мәселелердің жүйелі түрде қаралуына қол жеткізіп, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды маңызды деп санаймын.

МЕНІҢ МАҚСАТЫМ

№2 сайлау округі тұрғындарының мүддесін білдіру, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, аумақты абаттандыру және халықты әлеуметтік қорғау бағыттарындағы өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал ету.

Тұрғындармен тұрақты байланыста болып, ашық әрі жауапкершілікпен жұмыс істеу.

Күшті мәслихат — қуатты өңір!

Бизнеске қолдау — елді нығайту!

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
Черкасовой Татьяны Сергеевны кандидата в депутаты Саранского городского маслихата по избирательному округу № 2 от Демократической партии «Ақ жол»

«Ақ жол» — путь реальных дел!

Уважаемые жители избирательного округа № 2 города Сарани!

Я, Черкасова Татьяна Сергеевна, являюсь кандидатом в депутаты Саранского городского маслихата от Демократической партии «Ақ жол».

Долгое время работала в Карьерном центре города Сарани, где занималась вопросами трудоустройства населения. В своей профессиональной деятельности ежедневно сталкиваюсь с проблемами граждан, вопросами занятости, профессионального обучения, поиска работы и социальной поддержки.

Этот опыт позволяет мне понимать, насколько важны для жителей стабильная работа, достойные условия жизни, доступность социальных услуг и возможность реализовать себя в родном городе.

Участие в работе городского маслихата рассматриваю, как возможность представлять интересы жителей, поднимать актуальные вопросы перед местными исполнительными органами и добиваться рассмотрения проблем в пределах депутатских полномочий.

МОИ ОСНОВНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ

1. Занятость населения — новые возможности для каждого

• Поднимать вопросы создания новых рабочих мест в городе.

• Содействовать развитию взаимодействия между работодателями и соискателями.

• Обеспечивать информирование населения о возможностях трудоустройства, профессионального обучения и переподготовки.

• Уделять внимание трудоустройству молодежи, граждан предпенсионного возраста и людей, испытывающих трудности при поиске работы.

• Поддерживать инициативы, направленные на развитие самозанятости и повышение профессиональных навыков жителей.

2. Молодёжь — будущее нашего города

• Поддерживать инициативы по профессиональной ориентации молодежи.

• Поднимать вопросы организации практики и стажировок для молодых специалистов.

• Содействовать взаимодействию образовательных учреждений и предприятий города.

• Рассматривать вопросы трудоустройства выпускников колледжей и учебных заведений.

• Поддерживать инициативы, направленные на развитие молодёжного предпринимательства.

3. Поддержка предпринимательства и развитие экономики

• Поднимать вопросы создания благоприятных условий для малого и среднего бизнеса.

• Содействовать информированию предпринимателей о действующих мерах государственной поддержки.

• Проводить встречи с представителями малого бизнеса для изучения актуальных проблем.

• Рассматривать вопросы развития сферы услуг и торговли.

• Поддерживать инициативы, направленные на создание дополнительных рабочих мест и развитие местной экономики.

4. Благоустройство и комфортная среда проживания

Особое внимание планирую уделять вопросам благоустройства территории избирательного округа № 2.

• Поднимать вопросы ремонта внутридворовых дорог и тротуаров.

• Контролировать рассмотрение обращений по уличному освещению.

• Изучать состояние дворовых территорий и детских площадок.

• Обращать внимание на санитарное состояние улиц и своевременный вывоз бытовых отходов.

• Содействовать рассмотрению вопросов озеленения и благоустройства общественных пространств.

5. Социальная защита и поддержка семей

• Уделять внимание семьям, находящимся в трудной жизненной ситуации.

• Поднимать вопросы доступности мер социальной поддержки.

• Содействовать информированию граждан о социальных программах и возможностях получения помощи.

• Поддерживать инициативы, направленные на социальную адаптацию и повышение качества жизни населения.

ОТКРЫТОСТЬ, ДОСТУПНОСТЬ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Считаю, что работа депутата должна быть открытой и понятной каждому жителю.

В случае избрания планирую:

• Организовать регулярный прием граждан.

• Систематически изучать обращения и предложения жителей округа.

• Направлять депутатские обращения в компетентные органы по вопросам, требующим решения.

• Осуществлять контроль рассмотрения обращений и информировать жителей о результатах.

• Проводить встречи с населением и представителями организаций.

• Регулярно отчитываться о проделанной работе.

Я понимаю, что многие вопросы требуют времени, финансирования и совместной работы с городскими службами. Поэтому считаю важным не давать необоснованных обещаний, а добиваться последовательного рассмотрения проблем и контролировать исполнение принятых решений.

МОЯ ЦЕЛЬ

Представлять интересы жителей избирательного округа № 2, содействовать решению актуальных вопросов занятости, предпринимательства, благоустройства и социальной защиты населения.

Работать открыто, ответственно и в постоянном взаимодействии с жителями.

Сильный маслихат — сильный регион!

Поддерживаем бизнес — укрепляем страну!

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Черкасова Т.С.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Черкасова Т.С.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«ӘДІЛЕТ» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат ВЛАДИМИР РАФАИЛОВИЧ ЖУСУПОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ №3 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Жусупов Владимир Рафаилович, Саран қаласында туып, өстім. Білімім жоғары: Қарағанды мемлекеттік университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірдім. Менің қызметім кәсіпорындағы өндірістік процестерді ұйымдастырумен байланысты. Сонымен қатар қоғамдық қызметпен айналысамын: Саран қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесімін, онда жергілікті инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың өтініштерін қарау мәселелерімен шұғылданамын.

Кәсіби қызметімде инфрақұрылымды күтіп-ұстау және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау мәселелерімен жиі бетпе-бет келдім. Бұл тәжірибе мені алға қойылған міндеттерді сауатты жүзеге асырудың маңыздылығына, соның нәтижесінде жалпы тиімділікке қол жеткізуге болатынына көзімді жеткізді.

Қаланың дамуы адамдарды күн сайын толғандыратын міндеттер мен мәселелерді тиімді шешуден басталады. Бұл — жолдардың жағдайы, ауыз судың сапасы, медицина мен білім берудің қолжетімділігі, жұмыс орындары және балаларымыздың болашағы.

Әрбір елді мекен назар аударуға лайық, ал лайықты өмір сүру жағдайлары тұрғылықты жеріне қарамастан барлық тұрғындарға қолжетімді болуы тиіс деп сенемін. Мен мұны әділдіктің және халық алдындағы өз жауапкершілігімнің көрінісі деп білемін.

Менің міндеттемелерімнің негізінде нақты міндеттер, нысандар мен мерзімдер жатыр. Олардың даму жоспарлары мен қалалық бюджетке енгізілуіне қол жеткіземін, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылаймын және тұрғындар алдында ашық есеп беремін.

Менің басты назарымда қордаланған мәселелерді шешу ғана емес, сонымен бірге кәсіпкерлікті дамыту, еңбек адамын қолдау, жастарға мүмкіндіктер жасау және туған өлкемізді сақтау болады.

Депутат болып сайланған жағдайда мен төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жүргізуді көздеймін.

Жолдар, су және абаттандыру

Саран қаласы көшелерінің проблемалық учаскелерін жөндеуге және сумен жабдықтау мен кәріз желілерін қайта жаңарту мәселелерінің шешілуіне қол жеткіземін. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында көшелерді абаттандыруды, көгалдандыруды, қолайлы қоғамдық кеңістіктер құруды, сондай-ақ қалдықтарды жинау мен шығару жүйесін жақсартуды қолдаймын.

Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау

Бейінді маман дәрігерлер мен медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, қала мектептерінің жарақтандырылуын жақсартуға, оқу орындарына баратын қауіпсіз бағыттар құруға күш саламын. Егде жастағы адамдар, балалы отбасылар және мүгедектігі бар жандар үшін мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігіне ерекше назар аударамын.

Жұмыс орындары және кәсіпкерлікті қолдау

Кәсіпкерлікті дамытуды, тұрғындар үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін, инфрақұрылымдық жобалар мен заманауи өндірістерді тарту есебінен тұрақты жұмыс орындарын құруды қолдаймын. Еңбек адамына құрмет көрсетуді және жастарға мүмкіндіктер жасауды маңызды деп санаймын.

Байланыс және интернет

Ұялы байланыс пен интернет сапасы, қамту аймағын кеңейту және заманауи байланыс қызметтерінің қолжетімділігі мәселелерін көтеретін боламын.

Ашық жұмыс және нәтижелерді бақылау

Менің ұстанымым - нақты міндеттер мен айқын жауапкершілік. Депутаттық өкілеттік аясында тұрғындар үшін маңызды мәселелердің қаланы дамыту жоспарлары мен қалалық бюджетке енгізілуіне қол жеткіземін, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылаймын және өз жұмысымның нәтижелері туралы ашық баяндап отырамын.

Құрметті жерлестер!

Округтің басты байлығы - біздің халқымыз, олардың еңбегі, жауапкершілігі және туған қаласына деген сүйіспеншілігі. Барлық мәселе бірден шешіле қоймайды, бірақ мен депутаттық өкілеттік аясында нәтижеге жүйелі түрде қол жеткізуге дайынмын. Менің қағидаттарым: жалпылама сөз емес, нақты істер; ашықтық және тұрғындармен тұрақты байланыс; әрбір уәденің орындалуын бақылау.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

Құрметпен,
Жусупов Владимир

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «ӘДІЛЕТ» ЖУСУПОВА ВЛАДИМИРА РАФАИЛОВИЧА Одномандатный избирательный округ № 3

Уважаемые избиратели!

Я, Жусупов Владимир Рафаилович родился и вырос в г. Сарань . Образование высшее: окончил Карагандинский Государственный Университет по специальности «Экономика и бизнес». Моя работа связана с организацией производственных процессов на предприятии. Также я занимаюсь общественной деятельностью: состою в Общественном совете г. Сарань, где занимаюсь развитием местной инфраструктуры и рассмотрением обращений жителей.

В профессиональной деятельности я сталкивался с вопросами содержания инфраструктуры и взаимодействия с государственными органами. Этот опыт убедил меня в важности грамотной реализации поставленных задач, что ведет к эффективности в целом.

Развитие города начинается с эффективного решения задач и вопросов, которые ежедневно волнуют людей. Это состояние дорог, качество питьевой воды, доступность медицины и образования, рабочие места и будущее наших детей.

Я убеждён, что каждый населенный пункт заслуживает внимания, а достойные условия жизни должны быть доступны всем жителям независимо от места проживания. В этом я вижу проявление справедливости и своей ответственности перед людьми.

В основе моих обязательств конкретные задачи, объекты и сроки. Буду добиваться их включения в планы развития и городской бюджет, контролировать исполнение принятых решений и открыто отчитываться перед жителями.

В центре моего внимания будет не только решение накопившихся проблем, но и развитие предпринимательства, поддержка человека труда, создание возможностей для молодежи и сохранение родного края.

В случае избрания депутатом я намерен работать по следующим направлениям.

Дороги, вода и благоустройство

Буду добиваться ремонта проблемных участков улиц Сарани и решения вопросов реконструкции сетей водоснабжения и канализации. В рамках инициативы «Таза Қазақстан» — поддерживать благоустройство улиц, озеленение, создание удобных общественных пространств, а также улучшение системы сбора и вывоза отходов.

Здравоохранение, образование и социальная поддержка

Намерен добиваться повышения доступности врачей узких специальностей и медицинской помощи, улучшения оснащения городских школ, создания безопасных маршрутов к учебным заведениям. Отдельное внимание — доступности государственных социальных услуг для пожилых людей, семей с детьми и людей с инвалидностью.

Рабочие места и поддержка предпринимательства

Буду поддерживать развитие предпринимательства, доступность государственных мер поддержки для жителей, создание постоянных рабочих мест за счёт инфраструктурных проектов и привлечения современных производств. Считаю важным уважение к человеку труда и создание возможностей для молодёжи.

Связь и интернет

Буду поднимать вопросы качества мобильной связи и интернета, расширения покрытия и доступности современных услуг связи.

Открытая работа и контроль результатов

Мой подход — конкретные задачи и понятная ответственность. В рамках депутатских полномочий буду добиваться включения значимых для жителей вопросов в планы развития города и городской бюджет, контролировать исполнение принятых решений и открыто рассказывать о результатах своей работы.

Дорогие земляки!

Главное богатство округа — наши люди, их труд, ответственность и любовь к родному городу. Не все проблемы решаются сразу, но я готов последовательно добиваться результатов в рамках депутатских полномочий. Мои принципы: конкретные дела, а не общие слова; открытость и постоянная связь с жителями; контроль за исполнением каждого обещания.

Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

С уважением,
Жусупов Владимир

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Жусупов В. Р.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Жусупов В. Р.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«ӘДІЛЕТ» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат САЛЬЖАН ҚАНАТҰЛЫ БАЛАУБАЕВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА № 4 бірмандаттық сайлау округі

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен, Балаубаев Сальжан Қанатұлы, 1985 жылғы 21 желтоқсанда Қарағанды облысының Шахтинск қаласында тудым. Екі жоғары білімім бар: Д.А. Қонаев атындағы университетті «Құқықтану» мамандығы бойынша, ал Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін (ҚарМТУ) «Құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2005 жылы мемлекеттік қызметтен бастадым. Әкім аппараттарында, экономика, құқықтық қамтамасыз ету, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімшелерінде, сондай-ақ Қарағанды қаласы мен облысының тұрғын үй қатынастары саласында қызмет еттім. 2022–2024 жылдары Саран қаласының құрылыс бөлімін басқардым. Ал 2024 жылдан бастап «SaranTeploService» ЖШС-нің бас директоры қызметін атқарудамын.

Еңбек жолымда заңнамалық даулар мен тұрғын үйге және жер учаскелеріне қатысты құжаттарды рәсімдеуден бастап, құрылыс, жылумен және сумен жабдықтау, су бұру жүйелері, сондай-ақ технологиялық жабдықтарды іске қосу мәселелеріне дейінгі сан алуан міндеттерді шешуге тура келді. Жинақтаған осы тәжірибемді бүгінгі кәсіби қызметімде тиімді пайдаланып келемін.

Сайлауға қатысу мен үшін – үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Ең алдымен, бұл тұрғындарға өзекті мәселелерін шешуде нақты көмек көрсетуге және қаламыздың дамуына белсенді түрде үлес қосуға берілген мүмкіндік.

Соңғы жылдары Саран қаласында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Дене шынықтыру-сауықтыру нысандары салынды, РТБ ықшам ауданындағы тұрғын үйлер қалпына келтірілді, су құбыры және кәріз желілері қайта жаңғыртылды. Көп жылдар бойы күткен Орталық жылу көзінің іске қосылуы да маңызды жетістіктердің бірі болды. Сонымен қатар жаңа нысандарды салумен қатар, олардың тиісті деңгейде күтіп-ұсталуын және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету де аса маңызды.

Депутат болып сайланған жағдайда жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және электрмен жабдықтау жүйелерінің сенімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды ілгерілетемін. Жылыту маусымына дайындық барысын, инженерлік желілерді жөндеу жұмыстарының уақытылы жүргізілуін бақылауға назар аударамын. Сондай-ақ жолдарды, аулалар ішіндегі және жаяу жүргіншілер жолдарын кезең-кезеңімен жөндеу, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне басымдық беремін.

Көпқабатты тұрғын үйлердің, аула аумақтары мен ортақ пайдаланылатын орындардың жағдайын жақсартуға, тұрғындардың абаттандыру жөніндегі бастамаларын қолдауға ықпал етемін. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында көшелер мен саябақтарды жүйелі түрде абаттандыру, көгалдандыру, көшелерді жарықтандыруды дамыту және тұрғындардың демалуына қолайлы қоғамдық орындар құру бағытындағы жұмыстарды қолдаймын.

Қала тұрғындарының сұранысына ие құрылыс жобаларын іске асыру, олардың сапасы мен орындалу мерзіміне қоғамдық бақылауды күшейту де маңызды бағыттардың бірі деп санаймын. Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды дамытуға, инвестиция тартуға, әсіресе, жастар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін бастамалардың жүзеге асуына барынша үлес қосамын.

Балалар және спорт алаңдарын, саябақтар мен демалыс орындарын дамытуға, қарт адамдарға, балалы ата-аналарға және ерекше жандарға қолайлы әрі кедергісіз орта қалыптастыруға күш саламын. Тұрғындарды тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпараттандыруға, баспана, жер учаскелері және коммуналдық қызметтер мәселелері бойынша өтініштерін мұқият қарауға ықпал етемін.

Спортты, бос уақытты тиімді ұйымдастыруды және жастардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуын дамытуға бағытталған бастамаларды қолдаймын. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелеріндегі жағдайды жақсарту мәселелеріне де назар аударамын. Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, олардың өтініштері мен ұсыныстарын қарастырамын, қаланы дамыту жоспарларына негізделген әрі өзекті бастамалардың енгізілуіне ықпал етіп, қабылданған шешімдердің орындалуына депутаттық бақылау жүргіземін.

Қымбатты жерлестер!

Мен барлық мәселені бірден шешуге уәде бермеймін. Алайда назар аударуды және шешуді қажет ететін әрбір мәселе бойынша жүйелі әрі табанды жұмыс жүргізуге дайынмын. Құрылыс, коммуналдық шаруашылық және мемлекеттік басқару салаларындағы кәсіби тәжірибем қала дамуына қатысты мәселелерді жан-жақты зерделеп, оларды шешуге нақты ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Саран қаласын одан әрі көркейтіп, қауіпсіз әрі өмір сүруге қолайлы қалаға айналдыра аламыз деп сенемін. Әрбір тұрғын өзіне деген қамқорлық пен құрметті сезініп, ертеңгі күнге сеніммен қарайтын қала қалыптастыру – ортақ мақсатымыз.

Менің басты ұстанымдарым – сіздердің пікірлеріңізге құрметпен қарау, атқарылған жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік алу және Саран қаласы тұрғындарының игілігі үшін шешімдер қабылдауға ұмтылу.

САЙЛАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР! МАҒАН ДАУЫС БЕРІҢІЗДЕР!

Құрметпен,
Балаубаев Сальжан

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «ӘДІЛЕТ» БАЛАУБАЕВА САЛЬЖАНА КАНАТОВИЧА Одномандатный избирательный округ №4

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Я, Балаубаев Сальжан Канатович, родился 21 декабря 1985 года в городе Шахтинске Карагандинской области. Имею два высших образования: по специальностям «Юриспруденция» (Университет имени Д.А. Кунаева) и «Строительство» (КарГТУ).

Трудовую деятельность начал в 2005 году на государственной службе. Работал в аппаратах акимов, подразделениях экономики, правового обеспечения, энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, а также в сфере жилищных отношений в Караганде и области. В 2022–2024 годах руководил отделом строительства города Сарани, а с 2024 года являюсь генеральным директором ТОО «SaranTeploService».

За годы работы мне приходилось решать широкий круг вопросов: от юридических споров и оформления документов на жильё и землю до вопросов строительства, теплоснабжения, водоснабжения, канализации и запуска технологического оборудования. Этот опыт я применяю в своей повседневной профессиональной деятельности.

Участие в выборах для меня — большая честь и ответственность, а прежде всего — возможность активно помогать жителям в решении актуальных проблем и содействовать развитию города.

За последние годы в Сарани реализован ряд важных проектов: построены физкультурно-оздоровительные объекты, восстановлены жилые дома в микрорайоне РТИ, реконструированы водопроводные и канализационные сети. Одним из значимых достижений стал запуск Центрального теплоисточника, которого жители ждали десятилетиями. Вместе с тем важно не только строить новые объекты, но и обеспечивать их надлежащее содержание.

В случае избрания депутатом буду добиваться повышения надёжности систем теплоснабжения, водоснабжения, водоотведения и электроснабжения, контролировать подготовку к отопительному сезону и своевременное проведение ремонта сетей. Особое внимание уделю поэтапному ремонту дорог, внутридворовых проездов и тротуаров, а также обеспечению безопасности пешеходов.

Буду содействовать улучшению состояния многоквартирных домов, дворовых территорий и мест общего пользования, поддерживать инициативы жителей по благоустройству. В рамках инициативы «Таза Қазақстан» буду выступать за системное благоустройство улиц и скверов, озеленение, развитие уличного освещения и создание удобных мест для отдыха.

Важными направлениями считаю реализацию востребованных строительных проектов и общественный контроль за качеством и сроками их выполнения, а также развитие действующих предприятий, привлечение инвестиций и создание новых рабочих мест, особенно для молодёжи.

Буду добиваться развития детских и спортивных площадок, скверов и зон отдыха, создания доступной среды для пожилых людей, родителей с детьми и людей с инвалидностью. Буду содействовать информированию жителей о жилищных программах и внимательному рассмотрению обращений по вопросам жилья, земли и коммунальных услуг.

Поддержу инициативы по развитию спорта, досуга и профессиональному становлению молодёжи, а также по улучшению условий в учреждениях образования, здравоохранения, культуры и спорта. Буду регулярно встречаться с жителями, рассматривать их обращения, добиваться включения обоснованных инициатив в планы развития города и осуществлять депутатский контроль за исполнением принятых решений.

Дорогие земляки! Я не обещаю решить все вопросы сразу, но готов последовательно работать над каждой проблемой, требующей внимания. Мой профессиональный опыт в строительстве, коммунальном хозяйстве и государственном управлении позволит мне предметно подходить к решению вопросов городского развития.

Уверен, что только совместными усилиями мы сможем сделать Сарань более благоустроенным, безопасным и комфортным городом, где каждый житель будет чувствовать заботу и уважение, а также уверенность в завтрашнем дне.

Мои принципы — уважение к вашему мнению, ответственность за результат и стремление принимать решения на благо жителей Сарани.

ПРИХОДИТЕ НА ВЫБОРЫ! ГОЛОСУЙТЕ ЗА МЕНЯ!

С уважением,
Балаубаев Сальжан

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Балаубаев С.Қ.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69\1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Балаубаев С.К.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«Respublica» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат

ТАЛҒАТ МАРАТҰЛЫ ӘБДІРАХМАНОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

№ 5 бірмандаттық сайлау округі

ӨҢІРІМІЗДІ БІЛЕМІЗ.
ӨЗ АДАМДАРЫМЫЗДЫ ТҮСІНЕМІЗ.
НӘТИЖЕ ҮШІН ЖАУАП БЕРЕМІЗ.

Әр өңірдің өзіне тән ерекшелігі, өз міндеттері мен өз мүмкіндіктері бар. Бірақ барлық жерде ең басты құндылық біреу – ол адам, оның еңбегі, отбасы және жақсы өмірге деген ұмтылысы.

Үш жылдық жұмысы барысында «Respublica» партиясы бастамаларды ілгерілету және азаматтардың мүдделерін қорғау бойынша мол тәжірибе жинақтады.

Біз қалаларымыз бен өңірлеріміздің нақты міндеттері: жергілікті экономиканы дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашуға жағдай жасау, қалалық ортаны жақсарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастырамыз.

БІЗ БҰДАН ДА КӨП ІС АТҚАРУҒА ДАЙЫНБЫЗ!

ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Сапалы жолдар, жарықтандыру, таза ауыз су, абаттандырылған аулалар мен қоғамдық кеңістіктер. Әрбір адамның өмір сүруіне қолайлы орта.

БИЗНЕС ҮШІН ӘДІЛ ЕРЕЖЕЛЕР

Кәсіпкерлер үшін түсінікті шарттар, қажетті инфрақұрылым, ашық шешімдер және жергілікті бастамаларды қолдау.

ӘР ОТБАСЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігіне, балалар мен отбасыларға арналған инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аудару.

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Заманауи спорттық және білім беру кеңістіктері, жастар бастамаларын қолдау және өзін-өзі тануға жағдай жасау.

АШЫҚ БЮДЖЕТ – НАҚТЫ БАСЫМДЫҚТАР

Бюджет қаражатының ашық бөлінуі, тұрғындардың сұранысын ескеру және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.

ӘР ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫ

Даму басымдықтарын айқындау кезінде аумақтардың ерекшеліктерін, олардың экономикалық әлеуеті мен тұрғындардың қажеттіліктерін ескеру.

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
кандидата в депутаты
Саранского городского маслихата
от партии «Respublica»

АБДРАХМАНОВА ТАЛГАТА МАРАТОВИЧА

Одномандатный избирательный округ № 5

ЗНАЕМ СВОЙ РЕГИОН.
ПОНИМАЕМ СВОИХ ЛЮДЕЙ.
ОТВЕЧАЕМ ЗА РЕЗУЛЬТАТ.

У каждого региона — свои особенности, свои задачи и свои возможности. Но главное везде одно — люди, их труд, семьи и стремление к достойной жизни.

За три года работы партия Respublica накопила опыт продвижения инициатив и защиты интересов граждан.

Мы продолжим работать над конкретными задачами наших городов и регионов: развитием местной экономики, созданием условий для новых рабочих мест, улучшением городской среды и повышением качества жизни людей.

И МЫ ГОТОВЫ СДЕЛАТЬ БОЛЬШЕ

КОМФОРТНЫЙ ГОРОД

Качественные дороги, освещение, чистая вода, благоустроенные дворы и общественные пространства. Удобная среда для жизни каждого человека.

ЧЕСТНЫЕ ПРАВИЛА ДЛЯ БИЗНЕСА

Понятные условия для предпринимателей, доступная инфраструктура, открытые решения и поддержка местных инициатив.

БЛАГОПОЛУЧИЕ КАЖДОЙ СЕМЬИ

Внимание к доступности образования, медицинских и социальных услуг, развитию инфраструктуры для детей и семей.

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ МОЛОДЁЖИ

Современные спортивные и образовательные пространства, поддержка молодёжных инициатив и создание условий для самореализации.

ОТКРЫТЫЙ БЮДЖЕТ — РЕАЛЬНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ

Прозрачное распределение бюджетных средств, учёт запросов жителей и контроль исполнения принятых решений.

РАЗВИТИЕ КАЖДОГО ГОРОДА

Учёт особенностей территорий, их экономического потенциала и потребностей жителей при определении приоритетов развития.

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Әбдірахманов Т. М.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Абдрахманов Т. М.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«Әділет» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат ЖАНБОЛ ҚАРЫМСАҚҰЛЫ ЖАЯУБАЕВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ № 6 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті жерлестер!

Мен, Жаяубаев Жанбол Қарымсақұлы Саран қаласында тұрамын және еңбек етемін. Қарағанды облысы Нұра ауданының Захаровка ауылында дүниеге келдім. Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі факультетін бітірдім. Еңбек жолымды дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастадым. 2013 жылдан бері Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі директорының орынбасары қызметін атқарып келемін.

Депутаттық қызмет атқарған жылдары қаламыздың өзекті мәселелерімен жете таныстым. Спорт инфрақұрылымын дамытуға және спорт нысандарын салуға атсалыстым. «Халық қатысатын бюджет» аясында балалар және спорт алаңдарын салу, аулаларды абаттандыру бойынша жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қолдау көрсеттім. Бұл жобалардың көбі жүзеге асты.

Білім мен тәрбие – ел болашағының негізі. Балалардың білім алу жағдайын жақсартуға, қолжетімді үйірмелер мен спорт секцияларын дамытуға және тәрбие бағытындағы жобаларды қолдауға күш саламын. Жастардың өз қаласында білім алып, спортпен айналысуына және қабілеттерін ашуына жағдай жасау маңызды.

Жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарының жөндеуді қажет ететін учаскелерін кезең-кезеңімен жөндеуге, көшелер мен аулаларды жарықтандыруға, балалар және спорт алаңдарын жабдықтап, күтіп ұстауға күш саламын. Мектептер мен аялдамаларға баратын жолдардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлемін. «Таза Қазақстан» аясында қалдықтарды шығару, қаланы көгалдандыру және заңсыз қоқыс үйінділерін жою мәселелерін көтеруді жалғастырамын.

Тұрғындарды жылумен және сумен тұрақты қамтамасыз ету, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру да ұдайы назарда болуы тиіс. Осы мәселелер бойынша тұрғындардың өтініштерінің қаралуына күш саламын. Зейнеткерлердің, көпбалалы отбасылардың және мүгедектігі бар адамдардың мәселелерін шешуге жәрдемдесемін.

Тұрғындарға «Халық қатысатын бюджет» аясында жобаларын ұсынуға көмектесуді жалғастырамын. Негізді бастамалардың қала жоспарларына енгізілуіне күш салып, атқарылған жұмыстардың сапасын бақылаймын.

Саранның басты байлығы – оның тұрғындары. Жерлестеріміздің еңбекқорлығы, жауапкершілігі мен туған қалаға деген сүйіспеншілігі қаламыздың дамуына негіз болады. Әр аула мен әр көше назарға лайық, ал әр отбасының лайықты өмір сүруіне жағдай жасалуы тиіс.

Тұрғындарды толғандыратын мәселелерді жүйелі түрде шешуге, олардың мүдделерін қорғауға және депутаттық өкілеттігім шегінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге дайынмын. Мен үшін әрбір міндеттеменің нақты іспен орындалуы маңызды. Бірлесе отырып, қаламызды өмір сүруге, еңбек етуге және бала тәрбиелеуге бұдан да қолайлы ете аламыз.

Сіздердің пікірлеріңіз мен үшін маңызды.

Сіздердің сенімдеріңіз маған нақты нәтиже үшін жауапкершілік жүктейді.

Әр шешім Саран тұрғындарының игілігіне қызмет етуі тиіс.

Құрметпен, Жанбол Жаяубаев

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «Әділет» ЖАЯУБАЕВА ЖАНБОЛА КАРЫМСАКОВИЧА Одномандатный избирательный округ № 6

Уважаемые земляки!

Я, Жаяубаев Жанбол Карымсакович, живу и работаю в Сарани. Родился в селе Захаровка Нуринского района Карагандинской области. Окончил факультет физического воспитания КарГУ имени Е. А. Букетова. Трудовую деятельность начал учителем физической культуры. С 2013 года работаю заместителем директора Саранского высшего гуманитарно-технического колледжа имени Абая Кунанбаева.

За годы депутатской работы я хорошо узнал проблемы нашего города. Участвовал в развитии спортивной инфраструктуры и строительстве спортивных объектов. В рамках бюджета народного участия помогал готовить и продвигать проекты детских и спортивных площадок, благоустройства дворов. Многие из этих проектов реализованы.

Образование и воспитание — основа будущего страны. Буду поддерживать улучшение условий обучения детей, развитие доступных кружков, спортивных секций и воспитательных проектов. Важно, чтобы молодые люди могли учиться, заниматься спортом и раскрывать свои способности в родном городе.

Буду добиваться поэтапного ремонта проблемных участков дорог и тротуаров, освещения улиц и дворов, обустройства и содержания детских и спортивных площадок. Особое внимание уделю безопасным маршрутам к школам и остановкам. В рамках «Таза Қазақстан» продолжу поднимать вопросы вывоза отходов, озеленения и устранения стихийных свалок.

Надёжное тепло- и водоснабжение, качество коммунальных услуг также требуют постоянного внимания. Буду добиваться рассмотрения обращений жителей по этим вопросам, содействовать решению проблем пенсионеров, многодетных семей и людей с инвалидностью.

Продолжу помогать жителям предлагать проекты для бюджета народного участия, добиваться включения обоснованных инициатив в городские планы и контролировать качество выполненных работ.

Главное богатство Сарани - её жители, их трудолюбие, ответственность и любовь к родному городу. Каждый двор и каждая улица заслуживают внимания, а каждая семья - достойных условий для жизни.

Готов последовательно работать над вопросами, которые волнуют жителей, отстаивать их интересы и добиваться конкретных результатов в пределах депутатских полномочий. Для меня важно, чтобы каждое принятое обязательство подкреплялось делом. Вместе мы сможем сделать наш город ещё более удобным для жизни, работы и воспитания детей.

Ваше мнение важно для меня.

Ваше доверие - это ответственность за результат.

Каждое решение - на благо жителей Сарани.

С уважением, Жанбол Жаяубаев

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Жаяубаев Ж.Қ.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Жаяубаев Ж.К.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«Әділет» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат

НҰРГҮЛ СӘБИТҚЫЗЫ

ТӘЖІБАЕВАНЫҢ

сайлауалды бағдарламасы

№ 7 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Тәжібаева Нұргүл Сәбитқызы, Қарқаралы ауданында дүниеге келдім. Мамандығым – педагог. 30 жылдан астам уақыт бойы мектепте, мемлекеттік қызметте және партия құрылымында адамдармен жұмыс істеп келемін. Өздеріңізбен көршілес тұрамын, күн сайын көршілерімді толғандыратын мәселелерді естіп, сіздердің қиындықтарыңызды жақсы білемін.

Өткен шақырылымда сіздермен бірге маңызды нәтижелерге қол жеткіздік. Көшелерге асфальт төселді, көше шамдары орнатылды, үйлер жаңа су құбырына қосылды, балалар ойын алаңдары салынды. Ендігі міндет – қол жеткізген нәтижелерімізді сақтап, осы жұмысты одан әрі жалғастыру.

Округтің дамуы тұрғындарды күн сайын толғандыратын мәселелерді шешуден басталады. Олардың қатарында жолдар мен кірме жолдардың жай-күйі, судың сапасы, аулалардың қауіпсіздігі, балалар ойын алаңдарын күтіп ұстау және көшелеріміздің тазалығы бар.

Әр аула назарға лайық, ал барлық тұрғынның лайықты өмір сүруіне жағдай жасалуы керек деп санаймын. Мен үшін әділдік пен халық алдындағы жауапкершілік осыдан көрінеді.

Бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделген. Қол жеткізген нәтижелерді сақтау, аулалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, округті абаттандыру және тұрғындармен тұрақты байланыста болу – бағдарламамның негізгі бағыттары.

Сайланған жағдайда асфальт төселген көшелердің, көше жарықтандыру жүйесі мен су құбыры желілерінің жүйелі түрде күтіп ұсталуына және ақаулардың уақтылы жөнделуіне күш саламын. Балалар ойын алаңдарының жай-күйін бақылап, жабдықтардың уақтылы жөнделуін, сырлануын және сынған бөлшектерінің ауыстырылуын қадағалаймын. Қажет жерлерге бейнебақылау камералары мен қоршаулардың орнатылуын да назарда ұстаймын.

Көпқабатты үйлердің аулалары мен округтің маңызды учаскелеріне бейнебақылау камераларын орнатуға күш саламын. Бұл балалар мен қарт тұрғындардың қауіпсіздігін арттырады. Сондай-ақ жөндеуді қажет ететін жол учаскелерінің жөндеу жоспарына енгізілуіне, кірме жолдар мен тротуарлардың тиісті деңгейде күтіп ұсталуына және көше жарықтандыру желісінің кеңейтілуіне қол жеткізуге ұмтыламын. Сумен тұрақты қамтамасыз етуге, су қысымының төмендеуіне және желідегі апаттарға қатысты мәселелердің шешілуіне күш саламын.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жеке секторға ортақ қоқыс контейнерлерін орнатуға, қоқысты жүйелі түрде шығаруға және аумақты көгалдандыруға күш саламын.

Тұрғындармен тұрақты кездесіп, азаматтарды қабылдаймын. Сіздермен байланыста болып, өтініштеріңіз бойынша қабылданған шаралардың орындалуын қадағалаймын. Әр уәде тұрғындар үшін нақты нәтижеге ұласуы тиіс.

Қымбатты жерлестер!

Округіміздің басты байлығы – еңбекқор, жауапкершілігі жоғары, туған қаласын сүйетін тұрғындарымыз. Кейбір мәселелерді шешуге уақыт қажет екенін білемін. Депутаттық өкілеттігім шегінде оларды шешу үшін табанды әрі жүйелі жұмыс істеуге, нақты нәтижелерге қол жеткізуге дайынмын.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

Құрметпен,
Тәжібаева Нұргүл Сәбитқызы

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
кандидата в депутаты
Саранского городского маслихата
от партии «Әділет»
ТАЖИБАЕВОЙ
НУРГУЛ САБИТОВНЫ
Одномандатный избирательный округ № 7

Уважаемые избиратели!

Я, Тажибаева Нургул Сабитовна, родилась в Каркаралинском районе. По образованию — педагог. Более 30 лет работаю с людьми: в школе, на государственной службе и в партийной структуре. Знаю ваши проблемы не понаслышке — живу рядом и каждый день слышу, что волнует соседей.

В прошлом созыве вместе с вами мы добились важных результатов: асфальтирования улиц, установки уличного освещения, подключения домов к новому водопроводу, установки детских площадок. Это было сделано. Теперь задача — сохранить и развить достигнутое.

Развитие округа начинается с решения вопросов, которые ежедневно волнуют людей. Это состояние дорог и проездов, качество воды, безопасность дворов, содержание детских площадок и чистота наших улиц.

Я убеждена, что каждый двор заслуживает внимания, а достойные условия жизни должны быть доступны всем жителям. Именно в этом я вижу справедливость и ответственность перед людьми.

Моя программа основана на ценностях и программных приоритетах партии «Әділет». В центре внимания — сохранение уже сделанного, безопасность дворов, благоустройство и постоянная связь с жителями округа.

В случае избрания буду добиваться регулярного содержания уже асфальтированных улиц, уличного освещения и сетей водоснабжения, своевременного ремонта повреждений. Обеспечу контроль за состоянием установленных детских площадок, своевременный ремонт оборудования, покраску и замену сломанных элементов, а также установку видеонаблюдения и ограждений там, где это необходимо.

Буду добиваться установки камер видеонаблюдения во дворах многоэтажных домов и на ключевых участках округа. Это повысит безопасность детей и пожилых людей. Также буду добиваться включения проблемных участков дорог в планы ремонта, качественного содержания проездов и тротуаров, стабильного водоснабжения, решения проблем с низким давлением и авариями на сетях, расширения уличного освещения.

В рамках программы «Таза Қазақстан» — установка единых контейнеров в частном секторе, регулярный вывоз мусора и озеленение.

Регулярно буду проводить встречи и приёмы граждан, оставаться на связи и контролировать исполнение обращений. Каждое обещание должно превращаться в конкретный результат для жителей.

Дорогие земляки!

Самое важное в нашем округе — люди. Их трудолюбие, ответственность и любовь к родному городу. Я знаю, что не все вопросы удастся закрыть быстро. Но готова упорно и последовательно работать над ними, добиваясь конкретных результатов в рамках своих депутатских полномочий.

Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

С уважением,
Тажибаева Нургул Сабитовна

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Тәжібаева Н. С.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Тажибаева Н. С.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«ӘДІЛЕТ» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат АЙЫМ ОЛЖАСҚЫЗЫ ҚАНАПИЯНОВАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ № 8 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Қанапиянова Айым Олжасқызы, Қарқаралы ауданында дүниеге келдім. Саран қаласында өсіп, білім алдым. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде бес жыл еңбек еттім. Соңғы 15 жыл бойы Саран қаласында тұрып келемін. Сондықтан қаламыздың тыныс-тіршілігін, тұрғындарды толғандыратын күнделікті мәселелерді жақсы білемін.

Менің ойымша, қаланың дамуы тұрғындар күнделікті кездесетін мәселелерді шешуден басталады. Атап айтқанда, жолдардың, аулалардың жағдайы, көшелердің жарықтандырылуы, тазалық, балалардың қауіпсіздігі және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі – әрбір тұрғын үшін маңызды мәселелер.

Сайлауға қатысу мен үшін – тұрғындардың мүддесін қорғауға, өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етуге және туған қаламның дамуына үлес қосуға берілген мүмкіндік әрі үлкен жауапкершілік.

Депутат болып сайланған жағдайда, жолдардың, жаяу жүргіншілер жолдарының және аулаішілік аумақтардың жағдайын жақсартуға, жаяу жүргіншілердің, әсіресе мектептер, аялдамалар мен әлеуметтік нысандар маңындағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлемін. Көшелердегі жарықтандыруды қалпына келтіру, аулаларды абаттандыру және тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы бастамаларды қолдаймын. Бұл ретте тек қаланың орталық көшелеріне ғана емес, инфрақұрылымы мен абаттандыруды қажет ететін шеткері аудандарға да назар аудару маңызды деп санаймын.

Коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруды маңызды бағыттардың бірі деп есептеймін. Тұрғындардың ауызсу, жылумен жабдықтау және су бұру мәселелеріне қатысты өтініштерінің қаралуына, сондай-ақ тозығы жеткен инженерлік желілерді жөндеу жұмыстарының жоспарларына енгізуге ықпал етемін. Сонымен қатар тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына уақтылы әрі сапалы дайындалуына назар аудару қажет.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қаланы абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау, тұрмыстық қалдықтарды уақтылы шығару және заңсыз қоқыс орындарын жою жөніндегі бастамаларды қолдаймын. Қаланың тазалығы тек коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана емес, әрбір тұрғынның экологиялық мәдениеті мен қоршаған ортаға деген жауапкершілігіне де байланысты деп сенемін.

Балалар мен жастар мәселесі де менің назарымнан тыс қалмайды. Спорттық және шығармашылық үйірмелер мен секциялардың, мәдени іс-шаралардың, волонтерлік бастамалардың дамуына, балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған қолжетімді қоғамдық кеңістіктердің қалыптасуына қолдау көрсетемін. Педагогикалық тәжірибесі бар маман ретінде әрбір баланың қабілетін ашуға, сапалы білім алуына және жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалуы қажет деп санаймын. Сондай-ақ жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дарынды жастарды қолдау және олардың кәсіби қалыптасуына бағытталған бастамаларды дамыту маңызды.

Медициналық және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, қарт адамдарды, балалы отбасыларды және мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға бағытталған мәселелерге ерекше мән беремін. Сонымен қатар жұмыспен қамтуды дамыту, тұрғындарды мемлекеттік бағдарламалар мен кәсіпкерлікті қолдау шаралары туралы ақпараттандыру жөніндегі бастамаларды қолдаймын. Әрбір тұрғынның жасына және денсаулық жағдайына қарамастан қалалық инфрақұрылымды еркін пайдалануына мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастыру да маңызды.

Депутаттық қызметтің басты бағыттарының бірі – халықпен ашық диалог орнату. Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, олардың өтініштері мен ұсыныстарын қарастыруды, құзырлы органдарға депутаттық сауалдар жолдауды, ресми жауаптар мен мәселелердің орындалуына бақылау жасауды маңызды міндетім деп санаймын. Сонымен қатар тұрғындарды атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы тұрақты хабардар етіп, мемлекеттік қызметтердің электрондық форматта қолжетімді болуына және аға буын өкілдерінің цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етемін. Халық сенімі ашықтық, адалдық және нақты нәтижелер арқылы қалыптасады деп сенемін.

Қымбатты жерлестер!

Қаламыз әрбір тұрғынның пікірі ескеріліп, көтерілген мәселелер назардан тыс қалмаған жағдайда ғана көркейіп, дами түседі деп сенемін. Өзімнің сайлау округімдегі тұрғындарды толғандыратын мәселелерді жүйелі түрде көтеріп, жерлестерімнің мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуге дайынмын.

Менің ұстанымым: ашық диалог, әділдік, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік және әрбір тұрғынның игілігі үшін қызмет ету.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

Құрметпен,
Қанапиянова Айым

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «ӘДІЛЕТ» КАНАПИЯНОВОЙ АЙЫМ ОЛЖАСОВНЫ Одномандатный избирательный округ №8

Уважаемые избиратели!

Я, Канапиянова Айым Олжасовна, родилась в Каркаралинском районе. Выросла и получила образование в городе Сарани. Имею пятилетний опыт работы учителем начальных классов. Последние 15 лет живу в Сарани и хорошо знаю повседневные проблемы и потребности его жителей.

Считаю, что развитие города начинается с решения вопросов, с которыми люди сталкиваются ежедневно: состояния дорог и дворов, освещения, чистоты, безопасности детей и доступности социальных услуг.

Участие в выборах для меня — это возможность представлять интересы жителей, содействовать решению актуальных вопросов и вносить вклад в развитие родного города.

В случае избрания депутатом особое внимание уделю улучшению состояния дорог, тротуаров и внутридворовых территорий, повышению безопасности пешеходов, особенно возле школ, остановок и социальных объектов. Буду содействовать восстановлению уличного освещения, благоустройству дворов и созданию безопасной городской среды. Считаю важным, чтобы при планировании благоустройства учитывались не только центральные улицы, но и отдалённые районы города, где жители также нуждаются в комфортных условиях.

Важным направлением считаю повышение качества коммунальных услуг. Буду добиваться рассмотрения обращений жителей по вопросам водоснабжения, отопления и водоотведения, а также включения наиболее проблемных участков инженерных сетей в планы ремонтных работ. Особое внимание необходимо уделять своевременной подготовке жилых домов и социальных объектов к отопительному сезону.

Поддержу инициативы по благоустройству города в рамках программы «Таза Қазақстан»: озеленение, санитарную очистку территорий, своевременный вывоз отходов и ликвидацию несанкционированных свалок. Уверена, что чистота города зависит не только от работы коммунальных служб, но и от экологической культуры каждого жителя.

Особое внимание уделю детям и молодёжи. Буду поддерживать развитие спортивных и творческих кружков, секций, культурных мероприятий, волонтёрских инициатив и создание доступных общественных пространств для досуга и развития подрастающего поколения. Как человек, имеющий педагогический опыт, считаю, что каждому ребёнку должны быть доступны возможности для раскрытия способностей, получения качественного образования и всестороннего развития. Важно также создавать условия для содержательного досуга подростков, поддерживать талантливую молодёжь и инициативы, направленные на её профессиональное становление.

Считаю необходимым содействовать повышению доступности медицинских и социальных услуг, поддержке пожилых людей, семей с детьми и людей с инвалидностью. Также буду поддерживать инициативы, направленные на развитие занятости, информирование жителей о государственных программах и мерах поддержки предпринимательства. Особое значение придаю созданию доступной среды, чтобы каждый житель независимо от возраста и состояния здоровья мог свободно пользоваться городской инфраструктурой.

Важной частью депутатской деятельности считаю открытый диалог с населением. Планирую регулярно встречаться с жителями, рассматривать их обращения, направлять запросы в уполномоченные органы, добиваться официальных ответов и информировать население о результатах проделанной работы. Буду содействовать повышению цифровой грамотности и доступности государственных услуг. Убеждена, что доверие жителей формируется через открытость, честность и реальные результаты работы.

Дорогие земляки!

Я убеждена, что город становится лучше тогда, когда мнение каждого жителя услышано, а возникающие проблемы не остаются без внимания. Готова последовательно работать над вопросами, волнующими жителей моего округа, и отстаивать интересы земляков.

Мои принципы: открытость к диалогу, справедливость, ответственность за принятые решения и работа на благо каждого жителя.

Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

С уважением,
Канапиянова Айым

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Қанапиянова А.О.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Канапиянова А.О.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«ӘДІЛЕТ» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат АМАНДЫҚ ҚОЖАБАЙҰЛЫ БЕРКІНБАЕВТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ №9 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті сайлаушылар!

Мен, Беркінбаев Амандық Қожабайұлы, 1987 жылғы 29 қыркүйекте Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Жидебай батыр ауылында дүниеге келдім. 9-сыныпты бітіргеннен кейін банк колледжіне «Салық ісі» мамандығы бойынша оқуға түстім. 2007 жылы Алматы қаласында Президенттік гвардия қатарында мерзімді әскери қызмет атқардым.

Мына мамандықтар бойынша екі жоғары білімім бар:

«Көлік, көлік техникасы және технологиялары»;

«Дене шынықтыру және спорт менеджменті».

Еңбек жолымды 2008 жылы «КамКор KZ» ЖШС-де бастадым. Кейін «Система Лайнер Инжиниринг» ЖШС-де және «Локомотив» АҚ филиалының Астана және Қарағанды пайдалану локомотив деполарында жұмыс істедім. Машинист көмекшісінен тепловоз машинисіне дейінгі кәсіби жолдан өттім.

2025 жылы ұлттық және ат спорты түрлері бойынша «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде спорт ғимаратының меңгерушісі қызметін атқардым. 2025 жылғы қазан айынан бері «Саранькоммунсервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеймін.

Көлік, өндіріс, коммуналдық шаруашылық және спорт салаларында жинаған кәсіби тәжірибем әлеуметтік маңызы бар мәселелерді жан-жақты қарастырып, шешуге мүмкіндік береді.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Басты мақсатым – № 9 сайлау округі тұрғындарының мүддесін білдіру, заңды құқықтарын қорғау және олардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін мәселелердің шешілуіне қол жеткізу.

Саран қалалық мәслихатының депутаты болып сайланған жағдайда жұмысымды мына бағыттарға жұмылдырамын:

1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
- Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің сапасын жақсарту.
- Коммуналдық желілерді жаңғырту және жөндеу.
- Коммуналдық қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру.

2. Жастар және спорт
- Спорт инфрақұрылымын дамыту.
- Жастардың жобалары мен бастамаларын қолдау.
- Бұқаралық спортты дамытуға және тұрғындардың спортпен қолжетімді түрде айналысуына жағдай жасау.

3. Әлеуметтік қолдау
- Әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың мүдделерін қорғау.
- Қолдауға мұқтаж отбасылардың мәселелерін шешуге жәрдемдесу.
- Әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру.

САЙЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМ

1. Округ тұрғындарымен тұрақты кездесіп, олардың өтініштерін қабылдауға әрдайым дайын боламын.

2. Мәслихатта мәселелерді қарау барысында тұрғындардың мүдделерін қорғаймын.

3. Тұрғындарды толғандыратын ең өзекті мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолдаймын.

4. Азаматтардың өтініштерінің қаралуына қол жеткізіп, депутаттық өкілеттігім шегінде оларда көтерілген мәселелердің шешілу барысын қадағалаймын.

5. Округ мәселелерін шешу үшін әкімдікпен, мемлекеттік органдармен және коммуналдық қызметтермен бірлесіп жұмыс істеймін.

6. Атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген нәтижелер туралы тұрғындарға жүйелі түрде ақпарат беріп отырамын.

Депутаттық қызметтің негізі – халық алдындағы жауапкершілік деп білемін.

Мен үшін әр тұрғынның пікіріне құлақ асып, әр өтінішке тиісті көңіл бөлу маңызды.

Бірлесе отырып, қаламызды келешек ұрпақ үшін бұдан да жайлы әрі өмір сүруге қолайлы ете аламыз!

Сіздердің сенімдеріңіз маған жауапкершілік жүктейді. Менің міндетім – тұрғындардың игілігі үшін нақты істер атқару.

Саранның дамуы мен тұрғындарымыздың лайықты болашағы үшін бірге еңбек етейік!

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

Құрметпен,
Беркінбаев Амандық

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «ӘДІЛЕТ» БЕРКИНБАЕВА АМАНДЫКА КОЖАБАЙУЛЫ Одномандатный избирательный округ №9

Уважаемые избиратели!

Я, Беркинбаев Амандык Кожабайулы, Родился 29 сентября 1987 года в селе Жидебай Батыр Актогайского района Карагандинской области. После окончания 9-го класса поступил в банковский колледж по специальности «Налоговое дело».В 2007 году проходил срочную военную службу в Президентской гвардии в городе Алматы.

Имеет два высших образования по специальностям:

«Транспорт, транспортная техника и технологии»;

«Физическая культура и спортивный менеджмент».

Трудовую деятельность начал в 2008 году в ТОО «КамКор KZ». В последующие годы работал в ТОО «Система Лайнер Инжиниринг», Астанинском и Карагандинском эксплуатационных локомотивных депо филиала АО «Локомотив», пройдя профессиональный путь от помощника машиниста до машиниста тепловоза.

В 2025 году занимал должность заведующего спортивным сооружением ДЮСШ национальных и конных видов спорта «Кайрат».С октября 2025 года по настоящее время работаю заместителем директора по производству КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис».

Полученный профессиональный опыт в сфере транспорта, производства, коммунального хозяйства и спорта позволяет комплексно подходить к решению социально значимых вопросов.

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Моя главная цель — представлять интересы жителей избирательного округа № 9, защищать их законные права и добиваться решения проблем, непосредственно влияющих на качество жизни населения.

В случае избрания депутатом Саранского городского маслихата намерен сосредоточить свою работу на следующих направлениях:

1. Жилищно-коммунальное хозяйство
- Улучшение качества водоснабжения и водоотведения.
- Модернизация и ремонт коммунальных сетей.
- Повышение качества и надёжности коммунальных услуг.

2. Молодёжь и спорт
- Развитие спортивной инфраструктуры.
- Поддержка молодёжных проектов и инициатив.
- Создание условий для доступного и массового спорта.

3. Социальная поддержка
- Защита интересов социально уязвимых категорий граждан.
- Содействие решению вопросов семей, нуждающихся в поддержке.
- Повышение доступности социальной инфраструктуры.

МОИ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА ПЕРЕД ИЗБИРАТЕЛЯМИ

1.Регулярно встречаться с жителями округа и быть открытым для их обращений.

2.Отстаивать интересы населения при рассмотрении вопросов в маслихате.

3.Направлять депутатские запросы по наиболее актуальным проблемам жителей.

4.Добиваться рассмотрения обращений граждан и контролировать ход их решения в пределах депутатских полномочий.

5.Взаимодействовать с акиматом, государственными органами и коммунальными службами для решения проблем округа.

6.Регулярно информировать жителей о проделанной работе и достигнутых результатах.

Я убеждён, что депутатская деятельность — это прежде всего ответственность перед людьми, а не привилегия.

Для меня важно, чтобы мнение каждого жителя было услышано, а каждое обращение получало должное внимание.

Вместе мы сможем сделать наш город комфортнее, лучше для будущих поколений!

Ваше доверие — моя ответственность. Моя работа — реальные дела на благо жителей!

Вместе — за развитие Сарани и достойное будущее наших жителей!

Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

С уважением,
Беркинбаев Амандык

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Беркінбаев А.Қ.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Беркинбаев А.К.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«Ауыл» партиясынан
Саран қалалық мәслихатының
депутаттығына кандидат
БЕРІКБОЛ ТӨЛЕШҰЛЫ
ЕРМАҒАМБЕТОВТІҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
№ 10 бірмандаттық сайлау округі

Құрметті Саран қаласының тұрғындары!

Мен, Берікбол Төлешұлы Ермағамбетов «Ауыл» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына сайлауға түсіп отырмын.

Білімім және тәжірибем. 2004–2007 жылдары Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінде білім алдым. Біліктілігім – шет тілдері мұғалімі. 2022 жылы Шымкент университетін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бітірдім.

2007–2010 жылдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің № 44803 әскери бөлімінде қызмет атқардым. Сержанттар арасында бірінші орын иелендім.

Кәсіби қызметім. 2011 жылдан бастап жаттықтырушылық қызметпен айналысамын. 2012 жылы «Арыстан» спорт клубының негізін қаладым. Қазір Саран қаласының спорт орталығын басқарып, бұқаралық спортты дамытумен айналысамын.

Шәкірттерім халықаралық турнирлерде 40-тан астам алтын медаль жеңіп алды. Олар шетелде жеткен жетістіктерімен Қазақстанның туын бірнеше рет биікке көтерді.

Қоғамдық қызметім. Саран қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесімін. Халықтың әлеуметтік осал топтарына, соның ішінде аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетемін. 2022 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталдым.

Адамдармен жұмыс.

Мен үшін адамдарға ықыласпен қарау, ашық диалог пен жауапкершілік аса маңызды. Кез келген мәселенің шешімі адамды тыңдай білуден, оның жағдайын түсінуден және қандай көмек көрсетуге болатынын бірге айқындаудан басталады деп есептеймін.

Кері байланысты үзбей, қандай қадамдар жасалғанын және әлі де шешімін күтіп тұрған қандай мәселелер бар екенін түсіндіріп отыру маңызды.

Спорт және жастар тәрбиесі.

Шәкірттерімді тәртіпке, адамдарды құрметтеуге, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға және Қазақстанды сүюге баулимын. Мен үшін олардың өзгелерге қолдау көрсете білуі және қоғамға пайда әкелуі аса маңызды.

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА
кандидата в депутаты
Саранского городского маслихата
от партии «Ауыл»
ЕРМАГАМБЕТОВА
БЕРИКБОЛА ТОЛЕШЕВИЧА
Одномандатный избирательный округ № 10

Уважаемые жители города Сарани!

Я, Ермагамбетов Берикбол Толешевич, баллотируюсь в депутаты Саранского городского маслихата от партии «Ауыл».

Образование и опыт. В 2004–2007 годах обучался в Саранском гуманитарно-техническом колледже имени Абая Кунанбаева. Квалификация — учитель иностранных языков. В 2022 году окончил Шымкентский университет по специальности «Физическая культура и спорт».

В 2007–2010 годах проходил службу в Вооружённых силах Республики Казахстан, в войсках противовоздушной обороны, войсковая часть № 44803. Занял первое место среди сержантов.

Профессиональная деятельность. С 2011 года занимаюсь тренерской деятельностью. В 2012 году основал спортивный клуб «Арыстан». Сегодня руковожу Центром спорта города Сарани и развиваю массовый спорт.

Мои воспитанники завоевали более 40 золотых медалей на международных турнирах. Своими победами за рубежом они неоднократно поднимали флаг Казахстана.

Общественная деятельность. Являюсь членом Общественного совета города Сарани. Оказываю благотворительную помощь социально уязвимым категориям населения, в том числе малообеспеченным семьям. В 2022 году награждён почётной грамотой Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева.

Работа с людьми. Для меня важны внимательное отношение к людям, открытый диалог и ответственность. Считаю, что решение проблемы начинается с умения выслушать человека, понять его ситуацию и вместе определить, какую помощь можно оказать.

Важно поддерживать обратную связь, объяснять, какие шаги предприняты и какие вопросы ещё ждут решения.

Спорт и воспитание молодёжи. Учу воспитанников дисциплине, уважению к людям, ответственности за свои поступки и любви к Казахстану. Для меня важно, чтобы они умели поддерживать других и приносить пользу обществу.

Дайындаған: «Саран тынысы» ЖШС
Мекенжайы: Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 69/1
Таралымы: 720 дана
Тапсырыс беруші: Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Ермағамбетов Б.Т.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді.

Изготовлено: ТОО «Саран тынысы»
Адрес: г. Сарань, ул. Жамбыла 69/1
Тираж: 720 экз.
Заказчик: кандидат в депутаты Саранского городского маслихата Ермагамбетов Б.Т.
Оплачено из средств республиканского бюджета.

«ӘДІЛЕТ» партиясынан Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат РУСТАМ РАФАИЛЬЕВИЧ САФИУЛЛОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ № 11 бірмандаттық сайлау округі

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен, Сафиуллов Рустам Рафаильевич, 1982 жылғы 20 қыркүйекте Саран қаласында дүниеге келдім. Мамандығым бойынша заңгермін, Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының адвокатымын.

2009-2015 жылдар аралығында ішкі істер органдарында қызмет атқардым. 2015 жылдан бастап адвокаттық қызметпен айналысып келемін. Менің кәсіби жолым азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңнаманы қолдануға, заңдылықты қамтамасыз етуге және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған.

Менің «Қазақстандағы киберқылмысқа қарсы күрестің өзекті мәселелері: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық талдау» атты ғылыми мақалам 2025 жылы Central Asian Scientific Journal журналының № 2 (26) санында жарияланды. Ғылыми жұмыс цифрлық ортадағы қылмысқа қарсы іс-қимылдың құқықтық және криминологиялық тетіктерін зерттеуге арналған.

Көпжылдық заңгерлік тәжірибем заңдылық формалды талап қана емес, мемлекеттік органдар қызметінің нақты қағидаты әрі әрбір азаматтың мүддесін қорғаудың негізгі тетігі болуы тиіс деген берік ұстанымды қалыптастырды. Адам құқықтары тек жарияланып қана қоймай, сенімді түрде қорғалуы қажет. Лауазымды тұлғалардың шешімдері заңды әрі дәлелді болып, тиісінше орындалуы керек. Депутаттық қызметімде де осы ұстанымды басшылыққа алуды көздеймін.

Ақтас кентіне ерекше назар аударуды жоспарлап отырмын. Оның инфрақұрылымын дамыту, газбен қамту, жолдардың жай-күйі, коммуналдық қызметтердің сапасы, өрт қауіпсіздігі және шұғыл қызметтердің қолжетімділігі мәселелері тұрғындардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, жүйелі түрде шешілуі тиіс. Ақтас тұрғындарының мүдделері қалалық мәселелерді қарау және олардың өмір сүру сапасына ықпал ететін шешімдер қабылдау барысында толыққанды ескерілуі тиіс.

Депутаттық қызметімде қалалық инфрақұрылымды жүйелі дамытуға, жолдардың ең проблемалық учаскелерін жөндеуге, жаяу жүргіншілер жолдарын қалпына келтіруге және көшелерді жарықтандыруға, тозығы жеткен коммуналдық желілерді жаңғыртуға, сумен жабдықтау сапасын арттыруға, сондай-ақ қоғамдық аумақтардың тиісті деңгейде күтіп-ұсталуына қол жеткізуді мақсат етемін. Бұл ретте атқарылатын жұмыстардың сапасына, белгіленген мерзімдердің сақталуына және жол берілген кемшіліктер үшін орындаушылардың жауапкершілігіне ерекше мән беремін.

Заңгер әрі адвокат ретінде әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан, қатыгез қарым-қатынастан және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауға айрықша мән беремін. Бұл бағытта полиция, медицина, әлеуметтік қорғау және білім беру мекемелерінің өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштеріне уақтылы ден қою, заңгерлік және психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ зардап шеккендердің құқықтарын нақты қорғау қажет. Өтініштерге формалды түрде қарау немесе тиісті шаралардың уақтылы қабылданбауы ауыр зардаптарға әкелмеуге тиіс.

Интернет-алаяқтыққа және өзге де цифрлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл мәселесі де назардан тыс қалмауы керек. Осы саладағы кәсіби және ғылыми тәжірибемді ескере отырып, халықтың құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыруды, әсіресе қарт адамдар, жастар мен ата-аналар арасында жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ азаматтардың қаржылық қаражаты мен дербес деректерін қорғауға арналған практикалық ұсынымдарды кеңінен таратуды қолдаймын.

Өскелең ұрпақтың қауіпсіздігі мен амандығы үшін қоғам мен мемлекеттік органдардың жауапкершілігі ерекше. Балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, буллингтің және кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізуді қолдаймын.

Қалалық ортаның ажырамас бөлігі тазалық, тәртіп және абаттандыру болуы тиіс. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында қоқысты жүйелі түрде шығаруды, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жоюды, аулаларды тиісті деңгейде күтіп-ұстауды, көгалдандыруды және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды қолдауды қажет деп санаймын.

Бағдарламамда жергілікті билік органдары қызметінің ашықтығы мен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелеріне де ерекше орын беріледі. Тұрғындар қабылданып жатқан шешімдер, қалалық жобалардың іске асырылу барысы және өз өтініштерінің қаралу нәтижелері туралы ақпаратты уақтылы алуға мүмкіндік иеленуі тиіс. Азаматтардың өтініштерін мазмұнды әрі жан-жақты қарау, заңнама талаптарының сақталуы және уәкілетті органдардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін жауапкершілігі мәселелерін дәйекті түрде көтеретін боламын.

Өз қызметімде Саран қаласын дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған жоспарын басшылыққа алып, мәслихат депутатына заңнамада көзделген өкілеттіктерді пайдалануды, ұсыныстар енгізуді, депутаттық сауалдар жолдауды, тұрақты комиссиялардың жұмысына қатысуды, тұрғындарды толғандыратын мәселелердің қаралуына ықпал етуді және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды мақсат етемін.

Депутаттық қызмет кәсібилікке, принципшілдікке және халық алдындағы жауапкершілікке негізделуі тиіс деп есептеймін. Жинақтаған заңгерлік тәжірибем мәселелерге тек практикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар құқықтық тұрғыдан да қарауға, негізделген шешімдерге қол жеткізуге және азаматтардың заңды мүдделерін дәйекті түрде қорғауға мүмкіндік береді.

Сіздердің сенімдеріңіз – менің жауапкершілігім!

Құрметпен,
Р.Р. Сафиуллов

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты Саранского городского маслихата от партии «ӘДІЛЕТ» САФИУЛЛОВА РУСТАМА РАФАИЛЬЕВИЧА Одномандатный избирательный округ № 11

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Я, Сафиуллов Рустам Рафаильевич, родился 20 сентября 1982 года в городе Сарани. По образованию юрист, являюсь адвокатом Карагандинской областной коллегии адвокатов.

С 2009 по 2015 год проходил службу в органах внутренних дел, с 2015 года осуществляю адвокатскую деятельность. Мой профессиональный путь связан с защитой прав и законных интересов граждан, применением законодательства, обеспечением законности и восстановлением нарушенных прав.

Являюсь автором научной статьи «Актуальные вопросы борьбы с киберпреступностью в Казахстане: уголовно-правовой и криминологический анализ», опубликованной в Central Asian Scientific Journal, № 2 (26), 2025 год. Научная работа посвящена исследованию правовых и криминологических механизмов противодействия преступности в цифровой среде.

Многолетняя юридическая практика сформировала мое убеждение, что законность должна быть не формальным требованием, а реальным принципом работы государственных органов и основой защиты интересов каждого гражданина. Права человека должны не только провозглашаться, но и надёжно защищаться. Решения должностных лиц должны быть обоснованными, законными и исполняться надлежащим образом. Именно такой подход намерен применять в депутатской деятельности.

Особое внимание намерен уделять посёлку Актас. Вопросы его инфраструктурного развития, газификации, состояния дорог, коммунального обеспечения, противопожарной безопасности и доступности экстренных служб должны последовательно решаться с учётом реальных потребностей населения. Интересы жителей Актаса должны быть полноценно представлены при рассмотрении городских вопросов и принятии решений, влияющих на качество их жизни.

